


84(5Қаз)

Ұ — 25

Бегімбай ҰЗАҚБАЕВ



Жалаңтөс
баһадүр

Ұзақбаев Бегімбай

Жалаңтөс Баһадүр: роман

Жазушы, тарих зерттеушісі Бегімбай Ұзақбаевтың бұл тарихи романына Орта Азияның бір бөлігі – Тұран елінде 40 жылдан астам уақыт бойы билік жүргізген қазақтың қайсар перзенті, тарихи ірі тұлға Жалаңтөс Баһадүр Сейткүлұлының өмірі мен ерлігі халқымыздың арғы-бергі тарихымен байланыстырыла суреттеледі.

Шығарманың оқиғасы шымыр, баяндаулы қызықты, оқырманын елітіп, азаматтық рухын оятып, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігінің, патриоттық сезімінің күшейе түсуіне ықпал етеді.

Тұранның тұғырлы тұлғасы

Құдай қайырын берсе, дербес ел болдық. Ес жиып, алды-артымызды барлай бастадық. Болашағымызға сенім зор. Жеріміздің байлығы мен халқымыздың өресі – соған кепіл. Артымызға көз салсақ – ащы-тұщы тәжірибені аз жинаппыз. Бабаларымыз жеткен жеңістер мен жетістіктерді еске алсақ, «Қайран, елім-ай!» деп еріксіз еміренесің. Бағзыдан бергі кеткен еселеріміз бен кемістерімізді ойласаң, «Қайран, жұртым-ай» деп еріксіз тебіренесің.

Мерейімізді өсірер өрен тұлға – Жалаңтөс Баһадүр. Жыл сайын наурызда Самарқанның көк тасын балқытқан көктем туды деп қуансақ, Регистандағы көкпен таласқан көк күмбездерді орнатқан пәрмен өз бабамыздан өрбіпті. Жер үсті, аспан астының ажарын асырып тұрған атақты шаһардың көк маңдайындағы көздің жауын алар ең асыл інжу-маржанын қазақ даласының қайсар перзенті Жалаңтөс Баһадүр қадапты. Қос өзенді телі емген Мәуеренахрдың мәуелі бақтарының бас бағбаны да сол болыпты. Шартараптан көзнің сұғын, жебесінің оғын кезеп баққан кәззап пиғылдарын тойтарып тұрған тас қорғаны да сол балыпты. Түркі дүниесінің бағзыдан баянды абырой-беделі мен намысына түгел жоқшы, түгел сақшы да сол болыпты.

Сүйте жүріп, қыр жайлап, қиян кезіп, құйын қуған көшпенді елдің іргесі мемлекет, ірі ел болуына да жан-тәнімен қолғабыс етіпті. Қазақ хандықтарына жалғызсырағанда жақтас, ойсырағанда одақтас бола біліпті. Топан судай қаптай жайылған қалмақты талай жерде қайтарып та, тойтарып та беріпті. Бас оздырудың орнына, бас тоздыратын талай ішкі бас араздықтың тұсында талай басалқыны да соай айтыпты.

Жалаңтөстің тұсында қазақтың еш жерде бағы кеміп, сағы сынып көрмепті. Ойға да, қырға қожя бола білген ондай перен оған дейін де, одан кейін де, көп бола қоймапты. Келешекте де иә туар, иә тумас. Туса да, бір кезде Жалаңтөстей бабамыз болғандықтан туар. Тумаса, Жалаңтөстей баһадүрден бас асырмақ түкілі, оны қайталап шығудың қиямет-қайым қиындығынан тумас. Бірақ тусын деп тілейік. Тұлпардан тұяқ, бәйтеректен бұтақ қалсын деп тілейік.

Әйгілі Әйтеке – дәл сондай тұяқ, дәл сондай бұтақ еді ғой. Ол барда қазақтың есесі қайтып, есі түзеліп, елі түгенделіп еді ғой. Тізелестері Төле мен Қазыбекті жұмылдырып, тілектерімізге сәт, жүректерімізге дәт бітіріп, беріп еді ғой. Олар жоқта қайтадан сөзіміз іріп, көзіміз сирей бастамап па еді?!

Тәйірі, бар болғанға не жетсін! Бардың нар балғанына не жетсін! Тәйірі, барлықтың да, нарлықтың да ең ерен тұлғасы Жарықтық Жалаңтөс баһадүр баба емес пе?!

Топырағың торқа, Аруағың асыл бола бергей, Ардақ Ата!

Тәуба! Болғаныңа тәуба! Сізден де кейін талай ұрпақтың келіп жатқаны мен келмегіне тәуба! Сізден де кейін бұл даланың тәріне тұлға, төскейге ие табылып жатқаны мен табылмағына тәуба!

Мекеніңіз жәннат, мейіріңіз шалқар болып, жұртыңыз бен ұрпағыңыздың жанын жадатпай, көңілін жүдетпей, мәңгілік көгімде мәңгі шарықаңыз, Абзалдық Пірі – Айбар Ата!

*Әбіш Кекілбайұлы
03.07.2003. Астана.*

ЖАЛАҢТӨС БАҢАДҮР

«О, дүние-ай! Барлығы да күні кеше ғана сияқты еді. Ия, бізден бұрынғы ақсақалдар көреген де ойлы. Өмірді қамшының қысқа сабына теңеді». Өз-өзімен бір ұзақ ойдың сұрлеуіне түсті.

Таң құланиектеніп атып келеді. Тіршілік атаулы осы өңірден басталатындай сәулесін шашақтата жазып, мына аймақты тіршілік сарынына бөледі.

Аспан төрімен таласқан Регистан алаңындағы сәулетті құрылыстар көкке атылып, мойнын терең созған.

Үлкен сәкінің үстіндегі қалы кілем де көздің жауын алып, таңғы шықты сағына күткендей құлпырады.

Тегеурінді. Еңсесі онша түсе қоймаған. Кәрілікке бергісіз денесі әрі мықты, тіп-тік. Сән-салтанатқа малынған ортада бойын еркін меңгеріп алып денесін ширақ сезінеді.

Жиделі-Байсын жеріне айналған бұл өлке жалғыз алшынның ғана емес, бүкіл түрік жұртының шұрайлы алқабы. Қиналса жауына бірге шауып, ел шетіне келген жат ойлы тобырлар тайлы-таяғымен мыңдап та, жүз мыңдап та соғысып абырой алмаған.

Шаш қаласынан бастап, Нұрата, Самархан, Бұқара өңіріне дейін мұның назарында болып, қамқорлығына айналған. Ес жиып, етек жиганша жауын жағасына жармасса өре-өре етіп, халқының намысын жанып, шындап тастайтын.

Алтын ортадан шыққан түрік тайпаларының соңғы кезде назары бір пәс болмай соғыстың да небір түрлерін игерді. Сол мектептен шыңдалып өзі де шықты. Осы жасқа келгенше тауы шағылып, шокпары мен қылышының қалт еткен кезін көрмепті.

Қалың қабақты, етекті мұрынды батырдың молдас құруында да бір ерекшелігі байқалады. Түйенің жарты етіндей сандары түйлігіп, шар үрлеген қарындай жөргемделіп, екеуі екі түзудің бойында қатар жатыр. Қабажа қарнын босаң ұстағасын ба, кең етекте ақ көйлектің жиегі де малындыра көл жағалауында соққан толқынның ақ көбігіндей ирелеңденіп, қатпарланып, бөкседен төмен шайы көрпенің үстіне төне құйылады. Айналасы Алатаудың бөктеріндей бірталай аймақты жамбасына басып жатқан жердегі қос-қостан төсеген түйе жүн көрпелер желі шыққан шардай жерге жабысып, айналасы күлтелене, көбіктене көтеріле түскен.

Көз жетер жердің бәрін сәулетті құрылыстар қоршалап, бірінен-бірі асып сұлуланып, бір-біріне ұқсамайтын сұлбалармен қайта-қайта жанарыңды қадай түсуге еріксіз жетелейді.

Таңғы шықтың сағымдана көтеріліп, буалдырлана ұшқалы қашан. Өрге өрлеген күннің лағыл жалыны ұстаның көмір пешінен шыққандай тотыққан беті тегістеліп, қызуын шашып, айналаға жаңа

бір леп пен сәуле, ерекше бір тіршілік нұрын сепкендей күндегіден де көзге ыстықтай сан түрленіп, ішке бұғып жатқан бар отты лезде шашып жібергендей.

Күннің жұмсақ шуағына жонын төсеген қалың жеміс ағашының жапырағы арасынан жаңқалай енген сәулелер найзадай сұғын қадаған сайын көз жанарын шағып алардай өтті шағылысады.

Нұрата өңіріне келгенде оңы мен солын танып қалған ойлы да ерекше туымды жаратылған баланың сезім сырларын оятқан мына аймақта жаңаша көзқарасы қалыптаса бастады. Сыр бойы қалың жынысты қамысы мен жыңғылы, тала мен сексеуілі матаса өскен, өрмекшінің ауындай шырмалған, құсы жыртыла ұшып, аңы қия алмай еріксіз жортқан алқап болатын. Үйден көш ұзаса болды қанжығасы майланып, дорбасы құсқа толып, қағанағы қарық, сағанағы сарық болып, екі жағасы жайлаудай екі жақта көңілі тоқ болып оралатын.

Осының бәрі күні кешегідей. Бала кездегі кеуіл, сол арман әлі де болса суалып қалмапты. Арманы биік адамның алысты көздейтіні сияқты жан-жақты өнерді меңгерген мына таудай кісінің бүгінгі ой саптауы мен арман асқары өзгеше еді.

Қанауыз көйлек киіп, су жаңа сусылдаған ақ жібек орамал тартқан, үзіліп кетердей құмырсқа бел, алма мойын, беті ұшы оймақтай қып-қызыл келіншек анадай жерде тұрып, қос қолын қаусырып, басы жерге жеткенше сәлем берді.

- Бақытты бол, балам! Дегеніңе жет, айналайын!
- Ата, шұбат әкелейін бе?
- Қарағым, қысыр биенің саумал қымызын әкелерсің. Таңдайым құрғап, аузым кебірсіп, кеуіп отырғаны...

Талмаусыраған байыпты даусы жеңіл-желпі шықпай, әр сөзіне салмақ сала, ерекше бір ырғақпен, дауыс үндестігімен әсерлі де ибалы. Баласындай бал татыған үнмен құлаққа да, естірге де жағымды, ақсақал сөзінің салмағы да құйылған қорғасындай қонымды.

Келін кейін шегініп барып, атасы жағындағы ақ бетін ақ жаулықтың ұшымен көлегейлеп, аяғының басымен имене басып кете барды.

Кешегі балаң дәурен көзден бұл-бұл ұшқандай. Кәрілікке мойынұсынып, соның күні жеткен шандыр-шандыр болған тарамыс тырнақты құшағына барып кіруден аулақ кеуілі баяғыдай әлі де қарап тұр. Бұл өңірдің көз көрген жаны ғана емес, жүзін көрмей атын есіткендері де бұл десе ішкен астарын жерге қойып, төбелеріне көтереді.

Екі жағына екі құс жастыққа шынтақты көміп тастап, артындағы таудай үйіп қойылған жастықтарға шалқая арқа сүйенді. Өз ойымен

қажып, шаршап отырған жанның тұла бойы босап, аз-маз көзі ілініп бара жатты.

Атасының осы күйін сезген келіні керсен кесеге ернектей құйылған қымызын алдына әкеліп қойды да, бетіне шыттай тап-таза ормалды жапты.

Батыр сезді. Аяғының ұшымен дыбысын шығармай, тәтті ұйқысын бұзғысы келмеген келіннің ибалы да әдептілігін, көргенді де адалдығын мойындап көзін сәл ашты. Қалың қастың тура етегіндегі жар қабақ астынан сығырая сәуле шашқан ай түстес жанар қауызындағы қарашық толық бет пердесін ашқанда кеудені тесіп түсер жарқыл өткір найзағай ұшқынындай өте өктем қадалды. Әрбір домбыққан саусақтарының әрқайсысы жас баланың білектеріндей созылып барып қысып жібергендей, буынынан сынғандай, бытыр-бытыр етіп, сесеуілдің талшыбықтарындай оталып жатқандай сезілді. Керсен кесе бір қолдың тарам-тарам бармақтарының арасында жасырынбақ ойнағандай, бүйірлері ғана жалтырай жыртыла көрінгендей әсер алды. Уыс толы ерін жөргемделе ашылып, әлі де болса қатары селдірей қоймаған тістерді де аксия көрінді.

Бір қолымен көз жанарын алмакезек сипап өтті де, одан соң қасындағы тап-таза көлдей ормалымен шылана суланған етектерін құрғата сүртті. Бал татыған қымыздан әдепкіде екі-үш ұрттап ауыз дәмін алды да, тәбетін ашқасын жай сыздықтатып ішке тарта жұтты. Аз-маз уақытта түбі көрінген кесені алдына қоя салып, маңдайына шықтай мөлдірей, толықси шыққан тарыдай терлерін сүрте бастады. «Жарықтық-ай, жан рахаты ғой! Ата-бабаларымыз бұл қымызға тегін үйір болмаған. Ақыл мен даналық, батырлық пен темірдей табандылық, болаттай беріктік солардан қан арқылы бізге тарап келді-ау. Сол рух деңгейінен табылып жүрміз бе?» деген күдікті ой да балапан кекіліндей күжірейіп бір қылт етті.

Төртқаралар мен тамалар осы жерге баяғыдан қоныс теуіпті. Небір асылдар, әруақты ұлдар тарихи несібесін халқына еншілеп, өлместей із қалдырыпты. Нұрата қонысының оңтүстік шығысын жайлаған бұлардың өмір өзегіндегі негізгі бірлік, түсіністік, өздерін сыйлай білушілік, жауына өліспей-беріспей бірігіп қарсы тұрушылық қалыптасыпты. Содан бері тоз-тозы шықпай, өсіп-өніп ұрпақ жалғастырған алшындардың іргелі ел болып, іргесін шетінетпей, қайта босағасын бекітіп, талай ата мына жарық өмірге бірнеше дәуірлік кезеңнен өз тұқымын мәпелеп өсіріпті.

Осы өңірде Қарамашақтан тараған Ораз, Оразгелді, Жаншұғыр, Қараштан сан тараулы бала өсіп-жетіліп, талай тұқымы түтін түтетіп, ошақ отын сөндірмей, іргелі ел болып отыр. Ораздан – Ақпан, Тоқпан шықса, Тоқпанның ұрпақтары Тоғанас, Сейтқұл, Шобаннан тарайтын тұяқтары жалғыз осы өңірді ғана емес, сонау көсіліп жатқан Алтайдан

Атырауға, Жайықтан Аралға, Қаратаудан Ұлытауға, одан асып Қытай шекарасындағы Шыңжан алқабына да жетіп артылады. Алшыннан тарап сан тарауға ұя салған қазақтың басқа ұрпағын айтпағанның өзінде, қазақтың көңіліне сай дарқан даласын, соған сай ұшқыр ойлы, кең кеуілді, асқар үмітті балдарында төгіп беріп, елін де, халқын да қорғасын деген, соған сенген сертті өсиет тастап кеткендей.

Сейтқұлға да құдай бере салған. Қыздарын айтпағанның өзінде, өзінен тараған сегіз ұл да бірінен-бірі өтіп, асыл да асыра туылған ерге сай, елге сай туымды болды. Дүйсенбі, Матай, Түрікпен, Қожамқұл, Ақша, Төлес, Сейтімбет, Жалаңтөстер ешкімнен кем туған жоқ. Ана құрсағынан шарана болып жерге түскенненөз несібелері мен бақыттарын қоса алып келген алтынға бергісіз ұлдар болып, ер жетті.

Соның бірі – дүниенің бір бұрышында жай төбешік емес, Қаратаудай қайраттанып, сомдалып, шыңдалып, оттан суырылып шыққан болаттай – Батырдың отырысы мынау. Жарықтық-ай, өмір өзгермейтін, өзі қартаймайтындай болатын, дүниенің бір бөлшегі пендесінің бүгінгі кейпі де ардақтауға тұрарлық. Өз бағасын өзі білгенмен, халық таразылап, асылдың асылындай баяғыда-ақ тартулы таңбаларын басып, тарих парағынан жыртылып не сызылып қалмайтындай, есімін өмір тақтасына қашан жазып қойғалы да қашан.

Ұмытпаса есін біліп, етек жиған кезі-ау. Бәрі де сүйкімді. Айналадағы барлық құбылыстардың өзі қызықты. Бір-бірімен үйлесім тауып, жаңғырып, жасарып жатқандай көңіл түкпірінде ерекше бір әсермен ұя салады. Анау тау басындағы қалтарыс қабақты, адам аяғы басы алмас тас жықпылына ұя құрған бүркіттей өмір ағымының әркімге лайық ұшып шығар, қанаттанып оңы мен солын таныр жылы ұясы өзіне лайы болары сөзсіз. Ол да ата текке ұқсар қасиет те, қаннан тарар керемет асыл тұқымдық негізде бүр жарып, келе-келе сол түпкі ұяға тартпай қоймайды. Қайткенде де бір қасиеті солай қарай тартып, қауызына қарай өзінің тегін айқындатып танытатыны да ұғынықты.

Отырар Шыңғысхан қолының қан жұттырған қаһарына ұшырап, отқа оранып, бүкіл халқы бала-шағасымен қалмай қырылып жатқанда Қасымхан зарланған екен. «Осында үш асылдың ұрпақтары бар еді, сәби де болса солардан бір-бір жан аман қалса екен», - деп. Жау қолына түсіп, басы кесілейін деп тұрғанда да ақырғы не тілегің бар дегенде қу жанын шүберекке түйіп, сол үш ұрпақтың өкілін аман-сау алып қалуын басы жерге тиіп, сақалын жас пен қан жуғанша өтініш етіп айтыпты.

Ақырғы демі таусыларда: «Егер де осы үш тұяқ аман болса, 15-20 жылда мына өмір мен өңір қайта қалпына келер. Отырар қайта гүлдеп, мәуелер. Олай болмаса, қазақтың басынан қасірет 300 жылға дейін арылмас», - деген екен. Сол айтқандай, қара қазақтың басы көп жылға

дейін бірікпей, қайта еңсесін көтертпей, жанына балта шабыла беріпті-ау.

Жарықтық-ай, осы бір қасиетті сезімді ата-бабаларымыз қашан да ардақ тұтып, қадірлеген, құрметтеген. Қасиетті таңбасын құмға көмбей, найза ұшындағы көк жалауы мен ақ жалауын қашан да асқақ желбіреткен.

Таң самалының саумал ауасы шаңқай түске түсіп, мына өңірді жайма шуақ құрғақ ыстығымен, қуырар шағыл күнімен кешке дейін тесірейе шағып, еңсесін көтертпейтіні белгілі. Қалың қабақ түйіліп, қыран көз алысқа қадалды. Кеуде тұсындағы қос емшек те білеуленіп, кең көйлектің ішін кере тарсылдап, бір төбешік жаңа ғана бой көтеріп келе жатқандай қимылдаған сайын томпайып, екі қолдың қарына біткен салбыраған бұлшық етпен бірігіп, түйіле түскен. Жас келсе де қайрат бойға құйылып, асау арнаның арыны өршелене тау толқынға қарсы жүзетін ескекті қайықтардай қайтпас қайсарлығы жүзінен байқалады. Анау сырлы жүзінде талай жұмбақты бүгіп жатқан қасиетті тектілік өзінің қолымен атқарған ісін жарияға жар салдырмай, айқайлатпай ұғындырып жатырма-ау, деп те байыпты пікірден ара аса алмай, ашық айта алмай, пұшайман болары тағы бар.

Еншісі айрылмаған қожа, өзбек, тәжік, қоңырат, моңғол, қыпшақ ауылдары да бір-біріне жақын орналасып, кейде бір-біріне сіңісіп те кетіп жатады. Қарақалпақ та бір қапталдап қалыспай, қазақпен бірге туысқанбыз деп үнемі жанпейілінде жүріп, қыз берісіп, қыз алысқаны қашан.

Сейтқұл қазақ, қарақалпақ елінің билеушісі болған жылдары араларына сызат түспеді. Сейтқұл атамыздың айдай сұлу, ақылды тоқалы Қарақалпақтың Майлыбалта руының биі Ерғабыл батырдың қызы Ақтұмар болатын. Атамыздан қанша кіші болса да аруақты отбасына сиынып, сосын мына босағаны сыйлап, артық ауыз сөзге бармай, үнемі отағасын үлкенсімей қадірлеп те, қастерлеп те өзіне пір тұтатын.

Бала да болса бір отырыста есіткен сөзі әлі есінде:

- Қайным-ау, төрге оз, өзіңнің үйің, өлең төсегің, шыққан жерің. Именбе,- деген.

Ораз атасы жақсы көріп, бауырына басып, өзімен еншілес балам деп жүргесін қайным десе керек.

Жалаңтөс балалыққа салында ма, жауап таппай, сәл босағада іркіліп тұрды да, қайсарлығына басып, аяғындағы былғары етігін шешпестен төрден былайырақ жердегі жастаққа бір қырындап жата кетті.

Атасы үйде жоқ. Қымыз әкеліп ұсынып жүрген Ақша ағасының кіші әйелі Қанысбике жеңгесінің сұп-сұлу жүзі күлім қағып кейін шығып, керегені қаусырмалап жапты.

Оттан шыққан тандыр нанның жағымды иісі мұрын қытықтады. Ортасынан бір айырды да, қымызға қосып жеп алды. Төбедегі жаппа ернегінен ашық аспан сығалайды. Бір кіреуке таңбасы жоқ көгілдір кіршіксіз аспанның түбі көрінбес шыңырау. Санаңмен қанша шарықтап ой жіберсең де шегіне жету жоқ. Бал татыған қымыз ішке түскесін, тоқ қарынға қонып маужырата бастады.

Жеңгесі ас дайын болғанын айтайын деп бір-екі рет енген. Бірақ ұйқысын қимай бұзбастан, оятпай кетті. Соңғы келгенде керегенің төбесінде ораулы тұрған жапқышы төмен салп етіп түсті де, қолапайсыз дыбыс шығарды. Осыны сезген Жалаңтөс тез көзін ашты. Айналасында жан жоқ. Керегені шалқайта ашып Қанысбике кіріп келді. Қолында шәйнегі мен табағы.

- Қайным, көз шырымын біраз алдың. Енді қолыңды жуып, бетіңді шайын. Жас бағланның еті де пісті,- деді.

Сонда байқады: ет пісірімге дейін қалың ұйқы құшағына көміліп, біраз тынығып-ақ қалыпты. Бағанағы саумал қымыздың дәмі де таңдай жібіттіріп, «тағы бір тостағаны болар ма еді» деп күтіп жатқандай құлқыны шүлдірлетіп, тағы ұйқыдан рахаттана ояғандай керіліп, біраз құрысқан денесін күтірлете жазды.

Нұрата талай бабасына жайлы қоныс болған. Ауасы бұлақ суындай салқын, таза әрі мөлдір. Ерте, не кеш жатсаң да, аз-маз көз шырымынан кейін денең сергіп, бір жан рахатын сезініп, мойындағандай шаршағанда шашылып қалатын он екі мүшең қайта жиналып, қалпына келеді.

Қанысбике етегімен тізесін жауып, аяғының ұшына дейін малынған көйлегі мол жетіп отыр. Бір баланы дүниеге келтірсе де қыз қалпынан таймай, сыны да, сыры да кетпей өнбойына құдай берген сұлулық таңғы шықтың күнмен шағылысқан лағыл сәулесіндей мөлдіреген кейпі қарағанның көз құртын жейді. «Осындай да сұлулық болады екен-ау» деген ой келді. Табиғатынан асыл жаратылған жанның тал бойында бір міні жоқ. Қос өрімді қолаң қара шашы жыландай иретіліп, арқаға жабысып барып арт жағын ала ирелеңдеумен аяқ ұшынан бір жылт етіп көрінеді.

Бағанада байқаған ұзын салалы шашы тобыққа сүйкене жығылып, жылқының құйрығындай шыбындаған бөксені қаққандай, анда-санда тірсекті қауып-қауып барып, сипалақтай бұлғандайды. «Ия, жеті қазынаның бірі осы әйел заты». Атасының сөзі көмекейіне тығылды. Жас та болса да сол кезде ұғып-ақ алыпты. «Ә, балам, бәрін білгің келеді, ә?» Жаудыраған баласының жанарына қарап, жамбасына сүйене қадалған шынтағын ауырсынғандай, маңдайы қыртыстанып барып сөз тетігін ағытқандай болды. «Білгенің дұрыс. Осы бетіңнен тайма. Адам дүниеге келгесін білуге, үйренуге, соны істеуге құлшына талаптанғанның айыбы жоқ. Ия... қарғам, жеті

қазынаға - әйел, ер жігіт, ілім-білім, жүйрік ат, қыран бүркіт, берен мылтық, алғыр ит жатады». Содан ұққаны да, ұтылғаны да бар ма, әлде әйелге деген сенімсіздікті сөздерде қақпайлап, жаныңда жанамайлап шауып, кейде кесімді де өткір пышақпен оса тілгендей қадап та айтасың. Бәріміз де қайдан шықтық, ана құрсағынан тумасақ. Жатқан жерің әрі жайлы болса, шығар төбең де биіктен көрініп, қол сілтейтіндей әке атын жамылғанмен, туған анаңа көбіне ұқсап кетіп жататының да сондықтан шығар. Қазақ қайғырса да, тығырыққа тіреліп, маңдайы жарға соқса да әйел туралы айтылар өсиетті сөз де бірден басыңа кенеттен шоқпармен салып өткендей сап ете қаларын қайтерсің. «Атың жаман болса, сатып құтыларсың, қатының жаман болса, қайтіп құтыларсың», деген қарғыстан жаман тоқтамды сөз де ауыр.

Ал мына жеңгесі оның біріне де ұқсамайтын, өзіндік асыл қасиеті бар. Ана да, әке де көріп, өнегелі де үлгілі жанұядан шығып, тағылымды тәрбие алғанның бірі. Алу ұғу, оны зердесіне түйіп істеу тағы да бар ғой. Ол да алдынан орып, кес-кестеп көпшілікте кім екенінді байқатып, танытып тұратыны да біреудің абыройын асырса, енді біреудің арын аяққа таптап, үстінен аттап кетіп барады. Зерелі де түйінді ойы бар ойын баласы болса да, жеңгесі мұны төрге шығарып, қадірлеп, құрметтеп, қол қусырып, барын дайындап алдына тартып, ата көргендігін танытып бақты. Сонда «адалдыққа жақ бол, арамдыққа жат бол» деген әке сөзі де алдынан көлбеңдеп, көл көсір өмірдің түп қазығын тағы бір ескерткендей болды.

-Бар жақсылықтың бәрі тұқым жұрағаттан шығады. Сусыз жерге көк шықпайтын болса, негізсіз жерден де бірдеңе өндірем деп арам тер болма. Балалаыққа салынғаныңмен, байқаймын, түбінде бір мықтылық шығады, - деп отты жанарына тіке қарай алмай, көзін тайдырды.

Жалаңтөс қарны тойғасын қомданып тіктеліп отырды да, молдасын құрды. Қарасаң көз сүйсінетіндей. Кең маңдай, ашық төс, иықты, қара шашты баланың тұла бойында бір ерекшелік сезім сырын селт еткізіп «Түбінде осыдан бірдеңе шығады» дегендей сенім ұялатады.

Ол кезде Шығай ханның тасы өрге өрлеп, айтқан сөзі жерде қалмай, атылған оқтай кәдеге жарап тұрған. Әлім мен Шөменнің басы қосылса болды Шығай ханды жер-көкке тигізбей мақтайды келіп. Сөзге де ұста, ілдірмейтін суыт жорғадай бір көсіліп әңгіме желісін ақтарса болды, бәрі де аузын ашып тыңдап қалады. Шыбынның ызылынан басқа мына отырған жерде орынсыз қимыл да байқалмайды.

Қыпшақ қауымының басшысы да Майлыбас та Әлімбет ишанға сәлемдесуге келген. Үшеуінің басы қосылып, ақар-шақар күй кешіп,

таныстары кеңіп, өткен-кеткенді әңгімелеп, жағалары жайлауда бір рақаттанды.

- Нұрата мен Жиделі-Байсынға жетер жер бар ма? Ана жолдағыдай Сырдың бастауын емес, бұл жолы төменгі жақтағы ағайын-жұрағатты аралап қайттым.

- Е, әңгіменді сабақта. Ата-баба қонысын ауызға алғасын жаныма жағып барады.

Сөзін сабақтай жалғастырған Шығай хан желпініп, қыран бүркіттей қомданып алды. Қозғалған сайын қайраттанып, әңгіменің тетігін басып, жөргемдеп айтты.

- Кәрі теңіз де ыңырысып, аптығын баса алмай, жағаға толқынданып жал-жал боп құлап жатыр екен. Қуаңдария мен Іңкәрдария арнасынан қос бұрымдай қатарласа жарысып аққан. Оларға Сырдария тоқтам бермей, жарықтық ауыздығымен алысуда.

- Ой, дариғай, масасы да бармақтай-бармақтай салалы аяқты болып, жаудай жағаласатын еді. Оның үстіне құсы да жыртылып айырылатын. Жолбарысы да түйедей-түйедей шөгіп осы бір шұрайлы алқаптың қамысы мен қалың ағашын да еркін жайлайтын еді-ау.

Сөзіне шоқ тастап, от көсегендей бір-біріне төне түсіп, бал арасының ұясын көргендей аңтарыла қарайды.

- Ел-халық аман. Тыныш өмір сүріп жатыр. Кәдімгі өзіміздей мамыражай тіршілік.

- Е, ел аман, халық тоқ болса, құдайдың қарасқаны де?..

- Бірақ қауіп солтүстіктен деп жиі айтады. Ресейде бізден шыққан жиендеріміз Москвадан бері өтіп, Астрахан маңын торуылдап, ондағы қазақ біткенге әңгір таяқ ойнатып жатқан көрінеді,- деді.

Жас бала әдепкі есін жиған. Соны қалта жанына оралтып, сондағы әңгіме-дүкенге қарамақ салып, ой жүгіртіп отырған жайы тағы бар.

- Алшындардың іргесі сөгіліп, бөріктері қисая қоймаған. Малын бағып, егінін салып, балығын аулап дегендей, отырған жеғрлеріне сай қолайлы кәсіппен айналысуда.

- Жарықтық-ай, бала кезімізде теңіз бен дария балығы тайдай тулаушы еді. Әкеміз қармақ салып есік пен төрдей жайын мен бекіренелерді ұстап келгенде, тірі жатқан балық аузын ашқанда бізді жұтып қоятындай дүрліге кейін серпіліп, үрейлі сезінуші едік-ау.

- Оу, оның дәмін айтсайшы. Тайқазанға бір бекіренің бір өзін асқанда, сол жерде жиналған жамағайын ағайындар болып әзер тауыстық. Сорпасын майлылығынан іше алмай, жүрегімізді кілкілдетті.

- Жаңағы орыстар туралы бастадыңыз да аяқсыз қалдырдыңыз ғой.

- Орыстан шығады-ау, олар айбалта, садақ, шоқпар, найзаға місе тұтпай, білтелі мылтық, зеңбірек құйып шығара бастады деген қауесет бар. Олар бұл күйімен оны мықтап қолға алса, жерін кеңіту үшін мына Орта Азия мен Тұран алқабына да алартатын түрі бар екен.

- Құдайым сақтасын! Білектің күші болса алдыра қоймаспыз. Ана бәлекеті жаман екен.

- Олар зауыт дей ме, темір қорытады дей ме, әйтеуір соңғы кезде осы кәсіпті мықтап қолға ала бастады.

Әлімбет ишан ішінен Құран Кәрім сүрелерін қайталап, тәспіін санағыштап өз-өзімен болып отыр. Мұнда сөз қоламтасына май тамызып отырған Майлыбаста ерекше бір қасиет пайда болғандай, әңгімеге елітіп, өзін-өзі мүлде ұмытып кеткендей.

- Ел іргесін ертерек көшірдік. Бірақ ата-баба жұртында да талай қандастарымыз бар. Халық қатарлы өмір сүріп жатыр. Назардан олар тыс қалмайды. Ондағы сенімді адамдарымызға қадағандай тапсырып, сақтық шараларын қарастырып, қауіптің алдын алыңдар. Бірдеңе болатындай болса, суыт хабар беріңдер. Сендер онда, біз мұнда болып байланысты үзбейік дедім, - деді.

- Жарайсың, Шығайхан. Енді одан артық қандай қамқорлық керек. Қамшының екі басы бір қай жағын да аңдамай ұстасаң бір басы өзіңе тиеді. Оларға бүгін келген жау, ертең бізді де түлен түрткендей қуып шығып, шұрайлы жерімізді басып алмасына қандай кепіл бар. Айласын тапсаң, жалпы қазақ шекарасына тұмсығын сұқтырмай, өз елінде ойран салып, сол жерден көрін қазуымыз керек, - деп Әлімбет ишан көпті көргеніне басып, қауіртін алдын-алуға шақырды.

- Жігіттердің ең кемі екі-үш мыңын іріктеп алып, әскери дайындыққа келтіруіміз керек. Қаржы жиып, мүмкіншілік болса олардың санын көбейтуіміз керек.

- Жанұсына да қарасу қажет. Осы Нұрата мен Жиделі –Байсын өңірінің бетке ұстар азаматтары мен ауқатты адамдарын, ханеке, өзіңе шақыр. Мән-жайды түсіндір. Барлық қауіп-қатердің қашық емес екенін өз көзіңмен көріп келдің ғой, - дейді ишан. Нұратадағы мешітке барып, дәріс алып жүрген Жалаңтөс олардың бұл әңгімесін естіп, мән беріп отыр. Мұнымен ешкімнің жұмысы да бола қойған жоқ. Әңгіме өзекті өріс алғанда талай жердің шаңын шығарардай талдау да, саралау да осы үш адам ортасында бет пердесін айқындап, баға да берілді.

- Жеріміз кең, халқымыз дархан, әрі жауынгер деп кейде шалқаямыз. Шалқайғанда бөркіміз жерге түсіп болғанша шіренеміз.

- Ия, онымыз бар. Бұл әдетімізді ешкімнен жасыра да алмаймыз. Сөйтіп отырып сырымызды да ашып, бет-пердемізді де айқындап, құпиямызды да төгіп шашатынымыз тағы бар, - деді.

- Бәрінен де ұлымызды қадірлеп, соның өн бойына сызатын түсірмесек деймін «бізден бұрынғылар бүлдірген екен-ау» деген есітпесекші.

- Сөзіңнің де ой-түйінің де жаны бар.

Терең дем алып, айналасындағы ақылдастарына жіті назар аударған Шығай хан басқалардан өресі әлдеқайда биік екенін танытып отыр.

- Әр ұлтқа төрт нәрсе керек. Олар – тіл, діл, дін және жазу. Осылар болса ғана әр халық - өзінше халық. Егер бұлардан айрылса, ол ел халық болудан қалады. Жан дүниесін, рухын, тілін, ділін, жоққа шығармау үшін біз сияқты ел қорғандары бәрін де ақылмен шешіп, терең білгірлікпен әрекет жасауымыз керек.

- Бізден бұрын да талай кемеңгерлер бұл пәни дүниеден ұрпағынаң келешегін ойлап, солар үшін негіз қалап кеткен.

Түрік әлемін құру да оңайлықпен қол жеткізіп, өлімге бас тіккізбеген. Кейбіреулер бізді кейде көшпелі, ештеңемен жұмысы жоқ жайбарақат халықтай сезінеді. Мынау әлемдегі руханият дүниесін ашып беріп, адамзатты оятып, көзін ашудың бастауында тұрған біздің бақилық болған аталарымыз емес пе?

- Солай. Оған дау жоқ. Халықтың ұлылығына ұлттың үлкенді-кішілігі әсер етпейтіні сияқты, қай жұртта дүниеде өз ісін тастаған азды-көпті еңбегі бар. Тарих бетіне алтын әріппен қашап жазардай өз орындары, өздеріне сай шыққан тұғырлары да баршылық.

- Күлтегін атамыз емес пе, бүкіл түркі халқының негізін салып, дүниесін бөліп, жер көлемі аймағын да белгілеп кеткен? Ол өмір сүрген аймақ бүгін жат қолы астында. Бала атадан бір екі ширек кем туады деген осы шығар. Айбалта жүзімен, қылыштың жүзімен құрған түрік болған кең байтақ елінің қабырғасын қаусатпай, омыртқасын үзбей, он екі мүшесін аман-сау кешеге дейін әкеліп, жалғастырып кетті.

- Ана бір жолы жолым түсіп, сол алқапқа ат басын тіредім, - деп отыратын ата-бабаларымыздың бірі. Ия, қара тасқа ойып жазылған Күлтегіннің өсиетті сөзінде ерекше мән мен мағына бар-ау.

- Көпке дейін құлпытастағы жазуды есіне түсіре алмай күмілжіді. Содан:

- Күлтегін! Үлкен Күлтегін бүйдепті,-деді.

- Қызыл қанымды ағыздым,

Қара терімді төктім,

Түн ұйықтамадым,

Күндіз отырмадым,

Тізеліні бүктірдім,

Бастыны еңкейттім,

Түрік болмағым үшін.

- О, аруақ! Үлкен Күлтегін аруағы. Түрік болмағы үшін жанын да, қанын да аяды ма? Сан-саққа жүгіріп, сан-саққа бағынып, бытырап, бас-басына би болғысы келген халықтың қалың тобы ішінде талайлар да болған. Жалпы халық, құдай кешірсін, қойдай айдалып жүре берген. Желдеп те кете барған. Бар бәле басшыларында, соның түпкі ойлаған көзқарастарында тұр-ау.

Күлтегін әдепкіде түрік халқының басын қосып, ел етіп отау тіктіру үшін қан шашқан қаһарлы қысымды серпіп тастады. Құқай, қытай, табғаш, оғыздарға қарсы соғыста түпкілікті жеңіске жетті. Орасан зор алқапта түн ұйқысын төрт бөліп, ат үстін жастанып жастық, жамылып көрпе қылып, жерге түспей түрік әлемін кеңітіп, түріктес халықтардың бақытты босағасын ашып, таңын атырып, күнін батырды. Еркін де ерікті өмір сүруді жарғақ құлағы жастыққа тимей түріктес ұлтқа сыйлап, талай шашырап, түйенің құмалағындай әр жерге домаланып, қысылып-қымтырылып, жалтақтап, жалынып үнемі аузында жүрген жұртын біртұтас халық етті.

Сегіз қанат аппақ киіз үйге ешкім серпіліп аяқ басқан жоқ. Үш дананың үстіне ұлықсатсыз кірмек түгіл, жанына да жолай алмай, у алаң көңілдері алабөтен күйге түсті.

Бірін айтып, екіншісіне көшкен әңгіме тетігі, жарасым тапқан көңілмен ағытылып, талай белесті шарлап, шарықтап кеткені белгілі.

Жүрелей отырған жас бала Жалаңтөстің санасында да бірдеңе қалт еткендей, жұдырықтай басына осының бәрін құйып, түсіп жатқандай ықыластана, зейін қойып тыңдайды. Сөздері ұйықтар алдында әжесі айтқан ертегілердей. Бұған сондай әсерлі, әрі қызықты, ұғынықты қонып, ой зердесін ашып, кеңіте түскендей.

- Әлемде не бір кереметтер де баршылық. Сырлы шынын ішіне бүгіп, бауырына басып жатқан тылсым сиқырлы күшпен небір ғаламды таңдандырған құрылыстар адамзат қолымен жасалып, тұрғызылған.

Әлімбет ишан Шығай ханның тереңдігіне қайран. Онымен кездескен сайын бір жасап, көңілі көтеріліп, айналада болып жатқан зұлымдықты да ескермей, бір рухани нәр алып, жаны жайлауда тыныққандай қуат алады.

- Анау Мысыр елі небір сиқырлы Перғауындар ескерткішіне толы аймақ. Сонысымен әлемге қайталанбас өнерлері сиқырымен таңқалдырып, жұртшылықты бас игізіп отырғаны белгілі. Ұлы балгер, сиқыршы, дана Имхотен салдырған Хафу, Хафраға орнатылған мысыр пирамидаларының өзіндік тарихымен әлемді ғажайып сырға бөлеп отырғаны тегін емес. Сексен жыл патшалық құрған Джосер де перғауындар дәстүрі бойынша көзінің тірісінде өзіне қабір-мастаба салдыра бастаған.

- Солай ... Сондай ақылды, көрегендіктерімен-ақ тек өз аттарын ғана мәңгі есте қалдырған жоқ, халқын да әлем жұртшылығы алдында қадірлетті. 147 метрлік пирамидаларда бүгін жатқан тарих, мәдениет, ғылым, өнер – сайып келгенде, бүкіл рухани құндылықтар осында сырын бүгіп жинақталған.

Бірінен-бірі асып, ойдан ой өрбіткен мына үш ақсақал ерекше жаратылған ғұламалардай Жалантөс жанарында өшпестей із тастап қалыпты. Салмақты ой мен ақыл жемісінің мәйегіндей гүлденген өмір көркіне сән беріп, кейінгі ұрпаққа үлгі-өнер болар мұндай ақсақалдардың тәлімді жолы да ерекше.

- Алтын Орда ыдырап, Ұлы Қытай, Қызылбастар бой көтере бастағанда Шыңғыс ханның ұрпақтары да тоз-тоз болып, өз алдына билік құрып, бір-біріне көре алмастай өршіккен. Шыңғыс ханның судай төккен адам ханы өзіне ештеңе істей алмаса да, ұрпақтарын етектен тартып, қаны бір болса да жанымыз бір емес деген теріс бата алғандай, соңғы ұрпақтарын қырсық шала бастады.

- Ол заман да өз дәуіріне дегенін істетіп, кең даланы көл-көсір шапқыншылыққа ұшыратып, қасың да, жауың да, досың да былығып, бәле-жаладан құтыла алмай қырғынды салған кез еді.

Содан Әмір Темір таққа отырғанда түріктетес халықтардың айы оңынан, күні солынан туып, мына кең далада Күлтегін өсиеті жүзеге асып, орындалғандай болған.

- Сол кезде мына еңбектеп жатқан баланың атасы Ораз Әмір Темірдің бас кеңесшісі болатын. Кеңесшісімен ақылдасып, сыр шерткен сайын арқасын кеңге салып, жағасы жайлауда, қос жауырынын бір тауға тірегендей марқаятын көрінеді.

- Бұл сөзіңнің жаны бар.

Майлыбас та әңгімеге араласып, сөз тетігі қоржынын ашқандай, мамыражай кейіппен жан-жағына назар салды.

- Бірде Әмір Темір ел шетіне жау келіп қалғанын тыңшыларынан есітеді. Барлық айналасындағы нөкерлері мен ақылшыларына шақырып алып, әп дегеннен сөз төркініне көшкен.

- Жауды өз шекарамыздан күтейік. Барлық жауынгерлерді сақадай сай дайындық сапына қойып, әзірлендер, - дейді.

Басқалар үндемейді. Сұсынан сескенген мұндағылар дыбыс шығармай, іштен тынуда. Осы бір тиыштықты Ораз бұзды. Жұрттыңбәрі соған елендей қарапты.

- Тақсыр, айтқаның дұрыс. Ел шетіне жау келгенін есітсе халық дүрлігеді. Жұртшылықтан маза кетеді. Өз отбасымызды отқа орап, қанға бөктірмейік. Не де болса ел шетінен күнбойы аулақ жерден күтіп, айла шарғымызды сонда жасайық, - деп ханға салмақты жүзін бұрып, байыппен қарады.

Әмір Темір асатаяғын қыса ұстап, үстіндегі патсайы шапанын сусылдата жоғары көтерілді. Жұрт не айтар дегендей сілтідей тынып қалды. Екі жағында екі батыр айбалталарын асынып, үнсіз мүсіндей қатып қалған.

Бірден сөзді іліп алып кетпей, жан-жағына қабағын түйіп, көзін қысып, айнала отырғандарға қарашығын жүгіртіп, көз жанарын шүйліге төне қарады. Осы арада тағы кімдер не айтар екен деген байламды сөз іздеді-ау. Бірақ ешкімнің қосары болмады. Мұндағылар Ораздың алдына түсіп, әңгіме айтулары қиын екенін білді. Әр сөзін салмақтап сөйлейтін мұның біртуар кесек мінезі мұндағыларға қашан да таныс.

- Ораз дұрыс кесіп-пішіп, тоқтамын айтты. Тұрар сөз. Ел ішінен бүлік шықса, жік те шығады. Соғыстың аты соғыс. Жұртшылықтың берекетін алып, айрандай ұйып отырған аймаққа қылау сәуле түсірмейік. Не болса да жау жерінде бақытты да, бапты да көре жатармыз. Құдай салды екен, біз оны мойынмен көтереміз, - депті.

- Ой, жарықтық-ай, қыранды қыран алыстан танып, оң ақыл берген екен ғой. Сол ымнан түсініп көкжиекке шыңнан қарап, ұтымды әрекет жасағанға не жетсін.

- Сол жолы да Әмір Темірдің сарбаздары түріктің небір айлалы соғысына салып, бірде қоршап, бірде жау ішіне үш тағандап еніп, енді бірде қашып жүріп қайта шабуылға шығып, жауды дінкелетіп барып, топырлатып тоқтыдай қырған екен.

- Әмір Темір мен Ораз заманында бұл қазақтың басы етекте қалмай, төрге шықты. Жалпы түріктес халықтардың желі оңынан соғып, елді елітіп босағасын босатпай, керегесін кеңітіп уығын мықтап қадап шаңырағын қол жетпестей биіктетті.

Жалаңтөс жас та болса да мешіттен алған білімін тереңдетіп, «Темірнама» мен «Әмір Темір өсиеттері» қолжазбасын қайта-қайта оқып, көп жайларды жадына түйіп алған. Мына алған әсері тіпті ерекше.

Ұланғайыр өмір белесінің қайта оралып, санада жаңғырып, оған өзіндік ой байлам жасауы да ерекше. Жасы бір қыраттан асып, таудың ұшар басындағы ақ қыраудай болса да кеуіл жарықтық қартаймай жаңғырып өткеніне еріксіз ой жібертеді екен.

Әлемді аяғынан тұрғызбай, дізесін дірілдетіп, екі жағын сақ-сақ етіп тісіне тісін соғыстарған Шыңғыс ханның зәрі мен зобалаңы өлшеусіз еді. Сан миллиондаған адамдардың қанын судай ағызған, дәуірінде теңдесі жоқ ұлы әскери реформа жасаған, Еуразия тарихының доңғалағын кері бұрған әскери де, мемлекеттік те, білгір де талапты басшы. Дүниенің талай жерін ат тұяғымен шапқылап, жаяу-жалпылап жүріп басын алып, қол астына қаратты. Анау Қиыр Шығыс пен Солтүстіктен, жағалау кернейтін Тынық мұхиттан бастап,

Еуропаны ернектеп жатқан Атлант мұхитына дейінгі ұланғайыр кең алқапты қисықбас етігімен таптап өте шықты. Ұрпақтары да бұл ісін төрт жүз жыл бойы жалғастырды. Бірақ маңдайы тасқа тиген жері Мысыр шекарасы, сол кезгі халифаты әрі әскери басшы, өзінің қандасы Бейбарыстан оңбай жеңіліп, тауы шағылды.

Күні кешеге дейін үш жүзден астам әйел алды деген шығыстың жүрек жұтқан арыстанын біреу моңғол, біреу қытай, біреу шүршіт, біреу қалмақ, біреу татар деп келсе, әр ұлт өзіне жақын тартып, бірде асқар тауына, бірде жан алғышына теңеп, оның түпкі төркінді тұқымын әр саққа жүгіртті.

Кімде кім шындықтан, негіден аттап кетіп, туған әкесі мен шешесінің нәсілін бүркеп жасыра алмайды. Әдепкі ту тіккен жері де түрік туын тіккен алқап. Ол кезде түрік түмендерінің біртұтас айбынды мемлекетінің қармағында бірнеше ұлт өкілдері болған.

Жалаңтөс бұл сұрақты мешіттің бас имамы Әбдірахимге қойғанда өзі де қысылды. Ол кезде бар жоғы жеті жастан жаңа асқан. Бұқарда, Тибетте, сосын Мысыр аралап, талай оқудың басын шалып, терең білім алған ғұлама ұстазының ғылымының қай саласынан да жай хабары ғана емес, терең білетін білгірлі де басым еді.

- Шыңғыс талай халықтың қолбасшысына сай, осы атаққа ие болып Тимуршы атын мүлдем бүркеп тастаған кез еді. Бірақ ол жалғыз қазақтың маңдайына тар келетін, өзін барынша биік ұстаған, айла-тәсілі көп, әскери өнерге жетік, терең талғамды, тағылымды адамның арқасында, талай от ауызды, темір илер княздар мен ұлт басшыларын, батырларын жеңіп, ауыздықтап, табанына таптап, өз дегенін істеткен. Жолына ешкім тұрмаған. Қытай сияқты алып империяда оның алдында басын иіп, дегеніне көнген. Әскери өнер білімге жетіктігін байқатқан. Қармағындағы жауынгерлері де өзі ойлағандай тепсе темір қайнатса шойын пісіріп, қандай таулы асудан да айла-шарғы ақылымен темірдей тәртіптің күшімен асып, өзі болып тұрған кезінде маңдайына ешкім жел болып тие алмаған.

Тәләбилер ауыз ашып тыңдап қалған. Олардың арасында жастары да, ересектері де тіпті қатын-балалы болған жігіттер де аралас құралас молдас құрып, ұстаз сөзін жаңғырта тыңдап, білімге шөлдері қанғандай отыр.

- Сонда қазақтың ханын кімнен бастаймыз?

- Жалаңтөс, жарайсың! «Осы бала көп нәрсені білгісі де келіп тұрады. Талағында биті бар», - деп қалды ішінен Әбдірахим ишан.

- Өзі хандық та, билік те, батырлық та ізден шығады. Қазақ жеті атасын қастерлеп құрметтеп тегін алдына тартып, олардың әруағын текке қадірлемеген.

Айналасындағы аңтарыла қарап, молдас құрап, құныға құлақ түрген шәкірттеріне жағалай мейірімді көз шуағын тастап өтті. Бірі –

бай, бірі – жарлы. Енді бірі жалба-жұлба шекпенін жамылма да мұнтаздай тап-таза қалпы, шиырған сақадай айналасы сақадай айналасы жинақы.

- Қазақтың тұңғыш ханы – әкесіне ұқсаған қатал да, қатерлі әрі әскери өнерге молынан қаныққан айлары Жошы еді. Жарықтық артында өз кіндігінен тұқым қалмай, үш әйелінен де одан соң ұрпақ шашпай, ордасының төбесі ортасына түскендей, тұқым-жұрағаттан ада болып, құлазып қалды. Өзінен ұрпақ болмаса да, өзімен туысқандардан тарағандар анау Шыңғыс хан жаулап алған жерлердің қай жерінен де кездесетін еді.

Әңгіменің сарайы ақ жұлын жайып, көсіліп бара жатқандай. Бірін бастап, екіншісіне ауыз салып, тәптіштеп түсіндірген бас имамның зерделі де ойлы сөздері мына отырғандардың қай-қайсын да жалықтырмады.

Сөйткенше болған жоқ, азан шақырған үн құлақтың құрышын қандырып, мына Нұрата қыстағының айналасын түгел қамтыды.

- Оу, дәреттерің бар ма? Түскі намаз уақыты болыпты, - деді ишан.

Бір-бір шәйнекті сыртқа ала жүгірген жастар томпылдай домаланып құлдилап барады. Кішкене шапандарының етегі өкше қағып, желп-желп етеді. Жалаңтөстің дәреті бұзылмапты. Қағбаға жақын жерге барды да беліндегі ораулы белбеуін шешіп алып, қағып-қағып жіберді де ұжымдық намаздан бұрын, бір сабақ қалыс намазын үлгіріп оқуға кірісті. Шып-шымыр денелі бала жайнамазға басын тигізгеннен, тетең беріліп, екі көзін жұмып, бір тәңіріне сыйынып, ішінен оқып, жығыла бастады.

Айналасына қараса медреседегілер ғана емес, аяқ жетер жердегі осы араның халқы да жиналып, сап түзепті. Алға бас имам шығып, бетін құбылаға беріп, қағбаға тақалып сарнап бір намазын әндетті. Үні қандай сүп-сүйкімді. Құлақ құрышыңды қандырады. Айнала тым-тырыс. Жұрттың жерге отырып-тұрған дыбасынан басқа жат қимылды байқамайды.

Жалаңтөс өткендерді көз алдына келтіріп, еске түсіре отырып, жас та болса талғампаздығымен киіз үйдің ішін бір шолып шықты. Сегіз канат ақ үй. Керегесі мен уығы да бір оюмен термеленген.

Қызылды-жасылды бау-шуға, жосаға боялған шаңырақтың қолдың саласындай әдемі күлдіреуішіне сұқтанып, ұзақ қарады.

Шебердің қолынан шыққан мынау асыл өнерлер қайталанбас ұлттық рухани құндылықтардың талай жылдардан қалған жемісіндей күлтеленіп те, сүйкімділік те танып, сол қайталанбас асыл қазынаның қадір-қасиетіне еріксіз мойын ұсынғандай кейіп танытасың.

Есін біліп, етегін жинағаннан бері ағайын арасындағы той-думенға қатысып араласып жүрген, туыс-туғандардан да Жалаңтөс

бала болса да көп ұзай қоймады. Соның арқасында небір маңғал бас дана қарттардың әңгімесін құлағына құйып, жадына түйіп өсті.

Тамды, Құлқұдық тарапындағы Шөмен елін әкесі ізіне ерген кілең жақсы ығай мен сығай нөкерлерімен аралағанда да қасынан бір елі ұзаған жоқ. Астындағы құрақ құлақ, сұлу мойын, ұзын сирақты жүйрік атқа бұл да бауыр басып алған. Ақылды жүйрік те жанына келгенде ыңыранып, омырауынан тілімен жалағыштап, сүйкеніп өткенді жөн көретіндей. Анадай жердегі жайлауда жайылып жүрсе де қырауласаң болады, екі құлағын тіктеп, басын көтеріп, состиа қарап, қайдасың дегендей қараша үйге телміріп, үлкен жанарын төге қарайды. Бір басына ақылы жететін, мал болса да айрықша жаратылған киелі еді.

Кешқұрым. Жайлаудан мал ауылға құлап барады. Сиырдың небір жайсаңы теңдей қарындарын көтере алмай, ақырын теңселе басып көкке тойған кейпін танытады. Ана шеттен мойындарын шұлғи жай басып, бір бүйірден үйір-үйір жылқы қосылады. Содан соң айналасын ат шаптырым шаңға көміп, ысылдап-пысылдап, ысқырынып-түшкірініп қой-ешкі де жапатармағай ел іргесіне құлап келе жатады. Ауыл азан-қазан. Жас бұзаудың талмаусырай мөңіреген даусы, ешкілағының безектей маңырай лақылдаған үніне қосылып, айналаны у-шуға бөліп, кешкі елдің тыныс-тіршілігін тінте бейнелеп, ажарлап жібеді.

Сейітқұл тау етегіне жақын, күннің батар алдындағы қызғылт сәулесіне көміліп, шырайланып тұрған, қатар тігілген бес-алты ақ жабулы киіз үйлерге ат басын бұрды. Ақ қанатты үйлер алдындағы ойнап жүрген балалар шапқылай жүгіріп, әуелі үйге кірді де содан соң елден бұрын осылай қарай бір-бірімен жарысып, тізіле жүгірісті. Арасында аяқтарын іліп кеткен көк шөптен құлап, домалап жатқандары да баршылық. Үсті-бастары шаң-шаң. Қастар мен беттері аппақ. Жылтыраған көздері батпаққа малынып, матасып қалған. Оған қарап жатқан бұл жердің ойын баласы жоқ.

Киіз үй алдындағы кермеге келгенде жас қылшылдаған жігіттер алдарынан қарсы алып, қолтықтарынан сүйемелдеп, ат үстінен түсіріп алды. Аттар бірінен соң бірі желіге байланып, жел қақтаған тау қойнауынан соғатын салқын самалға төсін төсеп тұр. Суытып жатқаны.

Астан руының игі жақсылары осы Боқан тауының етегінен айызы қанғанша аң аулайды. Жылдағы әдеті бойынша Сейітқұл осы бір жерге ат шалдырып, аң қызығына малданып қайтуға келген беті. Әнуар осы өңірдің аухатты байы, әрі биі де. Айтқан сөзі жерге қалмайтын осы рудың ғана емес, осы өңірге аты шыққан ержүрек батырлардың бірі.

Тау етегіндегі су жиналған ойлы жерлердің бәрі бір-біріне қосылған көлшік-көлшік. Тұтасқан теңіз алқабы дерсің. Осы таза судың бойын, жағалауын жөогемдей ораған қалың қамыстық тұмсықтисе батпайтындай өте тығыз. Киіздей матаса өскен. Осы ойдың күнгейбетін жайлаған жолбарыстар, таулы өңірдіңт аң біткеніне жаудай тиісіп, бар қондысы мен семізін алып қалып, еркін жайлап жатқан кезі. Құс та бұл жердің күмістей жалтыраған алаңғыт айдынында бірі қонып, бірі ұшып жататын сан түрлі қанатының үніне толы құс базарына айналғаны қашан. Киік пен тау бұғылары да осы сайдағы тап-таза судан ішіп, күнгей беттің қыратын жағалап, шүйгінді жердің отын жұлып жеп, жайланып жатқан жайлары тағы бар.

Ақ ауыз көкжал, әр саны түйенің жарты етіндей жолбарыс көптен бері маза бермей, осы таудың жазыққа құлар бетін түгелдей қарауына алған. Әнуар осыны айтқанда енді қымызды іше бастаған Сейтқұл қажы қолындағы кесесін дастарқан жиегіне қонжитты да жай миық тартып күлді.

Әнуар бұл жымысына онша мән бермей, енді ауыл малына тиісе бастағанын да бірқыдыру әңгіме өзегіне айналдырып бара жатқан. Қонақтың сөз сұрағандай болған қимылына тосылып, ендігі әңгіме сіздікі дегендей сыпайылық танытты.

- Осы Жалаңтөсте шешесі жерік болатын. Ішкен-жегенін құсып, күндіз де, түнде де мазасы болмады. Талмаусырап, ауызынан ақ көбігі ағып, талып құлап та қалатын. Сөйтіп мені қатты қорқытты, - деп беріп, өз-өзіне риза болған кейіппен құрылған молдасын жазып созды да, қайта жинап алды. Шөлдеп, түсі бозаң тартқан бағанағы қалпы оңғарылып, ажары қайта бетіне ойнап шығып, домалақ жүзіне жарасымды жинақы сақалы шөмеледей үйіліп барып, бір дір етті.

- Ау, өлсең де айтсайшы? Қай жерің ауырады деймін.

Мен де қылшылдаған жас жігітпін. Онша ондайға мән бермеймін. Алдымызға әке мен шеше, сосын әжеміз бен атамыз бар. Олардан ұлықсатсыз қимылдап, шешім қабылдау қайда...

- Қайсыбір күні таудың арыстанын айтып едің, - деді.

- Арыстан деме, жолбарыс болар? – дедім.

- Ия, жолбарыс... Соның етіне ме, әлде майы тамшылаған, қоламтаға көмілер төсіне ме жерікпін-ау деймін, - дейді.

- Әй, сен мені өлімге итеріп отырған жоқсың ба?

- Жоқ!

Төмен қарап, аппақ жүзі алаулап, қысылып ұялғаннан жүзі батыр күннің алауындай шаптыға қан шашқандай қызара түсті.

- Амал жоқ. «Құдай сапарымды оң ете көрсін»! деп, - шешінген судан тайынбас дегендей, әйеліме уәде бердім.

Ертеңіне қасыма екі серігімді алып, осы тауды жағалап, қамысты көлге бет алдық. Қолымызда садақ, қақпан дегендей, әйтеуір жауға

аттанғандай бес қаруымызды түгел асынып, жарамды аттарды алып, ерін салып, айылын мықтап тарттырып, құйысқан мен өмілдірікті де қайта-қайта қарап, жолға түстік.

Жас кезімде таудан ылдиға түсіп жолбарыс атқанымыз бар еді. Онда үйіріне жолықпай, қаңғырып жүрген жекесіне тап болғанбыз. Бізді адам құрлы көрмей, өрге қарай атылғанда, жаным көзіме көрініп, жүрегім қолқамнан атып шығып кеткендей сонда бір қатты қорыққаным бар. Садақтың жебесін тартуыммен жібермей қолыма ұстап тұрғанымды аңғардым. Жан екпін аяғымды тіреп сыртқы бетіне сіңір тартылып, ішкі жағы мүйізбен қапталған тарамыс жібін бар күшіммен кере тартып, екі аяғын аспанға көтеріп шаптыға ұмтылған жолбарысқа қарай жіберіп қалдым. Зу еткен жебе басын көтерген жолбарыстың мойын ортасынан қадалғанын бір-ақ білдім. Жолбарыс екі аяғын ілгері созып барып, аунап түсті. Сол кезде қасымдағы жігіттер де бірінен соң бірі садақ оғын кідіртпей атқылады. Сөйтіп, екі өкпесін соққан жолбарыс сол бірдей іштен кірген жебелерден қозғалусыз сіресіп жатты.

Түсі орасан сұсты. Ала белдеулі қызғылт сұр жолақтары жазылып, бұрынғыдан да созыла түскен жолбарыс түйенің аумағындай денесімен жай тыпыршып, екі көзі жаудырап, күректей тістері ақсиып, шарасыз күй танытып жатты.

Сол кезде сабына қайысқан бүлдіргі тағып, білекке ілген тобылғы шоқпарымды қолыма алдым да бар екпініммен шөміштей бастың қара құсынан салып өттім. Тілін екі езуіне шайнап үнсіз қалды, - деп әңгімесін аяқтап, қасына ерген жігіттерімен сыртқа беттеді.

Жалғыз жүрген жолбарыс та төсін алдырмақ түгіл маңайына жолатпасы бесенеден белгілі, әрі айқын. Үйден шыққасын бетті қайтармай бір жағымызда тау, бір жағымыз көлге бұлап, жағалап келеміз. Екі көзіміз айналамызда. Сақ қимылдаймыз. Қай жағымыздан атыла шығарын құдайдың бір өзі білер. Бірақ бізде зәре жоқ. Тап туралап жолбарыс бас салса құтылу қайда? Таудың етегінен төмен қарай құрақтай желбіреген қамыстық ылғалға, одан әрі шағын көлге жақындағаннан біртіндеп қалыңдап барып тұтаса өскен. «Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді» дегендей, Сейткүл қажы жігерленіп алған. Әйелінің ойынан шығуға тас түйініп бекінген.

Қасындағы жолдасы қалың қамыстың ық жағындағы қопағында күнмен қызара шағылысып, түйедей шөгіп, бір қырындап жатқан жолбарысты қолын шошайта көрсетті. Жігіттер тау бетін ала, қабырғадай-қабырғадай қақая шөгіп жентектелген тастардың арасымен солай қарай жақындады. Қолында айбалта. Қалқанын да сол білігіне киіп алған. Қылышы да жанында. Сабырлы қалпы көңілі жай таппай, буын-буыны босап, анау аңның айбарлы сұсы еңсесін баса түскендей. Үлкен бәйбішесі Қаракемпір Тама Қарабура әулиенің

ұрпағы Көбелек палуанның қызы болатын. Оны білетін туыстар мен жамағайын ағайындар ес білгелі «би еней», «би шешей» деп атын айтуға ауыздары бармайтын.

Сейтқұл үйден шығарда тілектес болып, көз ұшына дейін көрінбей кеткенше қарап ұзатып салған. Артына бұрылғанда жаулығының ұшы желбіреп, сегіз қанат қара үйдің алдына ербеңдеп әлі тұрғанына көзі түскен. Бақталастығы жоқ. Тілектес. Қара шаңырақтың амандағын елден бұрын тілейтін. Осы үйдің сапарға шыққанының бәріне «қыдыр ата жолдасың болсын» деп іштей жалбарынатын, тәңірінен де бірінші болып жан жүрегі егіле сұрайтын да осы.

- Қажеке сәскеге дейін сәл саябырлайық. Мынауың оңай алдыра қояр бәле емес. Анау қалың қамыстың көлеңкесі күн беттен түсіп, жапса сәл саябырлап, мызғыр. Бізді де оған дейін күш жинап, дем басып алайық, - деді тығыршықтай серіктесі.

Жолбарыс сезік алмады. Кім бұл араға батылы жетіп келер дегендей, көзін ашып-жұмып мызғып, жайлы созылып керіліп жатыр. Түнгі аңшылықтан әбден шаршап титықтағандай, төрт аяғын төрт жаққа көсіліп, рахаттана бой созған.

Айтқандай, тұмсығын тамағына тығып жіберіп, құлағын қалқитып, біраздасын алаңсыз көзін жұмып мызғыды. Биік қамыстың қораланған аумағын терісіне жылжыған күн жолбарыс айналасын түгелімен көлеңкелеп бүркемеледі. Тау беті ашық. Еспе самал да осы тұстан есік ашқандай. Мұп-мұздай мөлдір ауа ұзын мұртын қытықтап, саумал желдің сарабдал лебі жай толықси, толқындай өбіп тебеді. Тап бір ауа жағалауға соққыштаған теңіз толқынындай. Жолбарыстың бұл жанына жағып барады. Таудың саумал ауасына бұлар қақталмай, қиғаштау жүріп барып, оқ жетер жерге таянды. Адам бойын еңкейте жасырардай төбешік тастардың етектеріне үшеуі де жақындап, қорамсаққа оқ салды.

Мініс аттарын алысқа ұзап кетпеуі үшін жолбарыс көрінген қыраттың астына қайыстан істелген тұсаумен шідерлеп кеткен. Жолбарысты көрсе, не иісін сезсе болды, аттар оқыранып, бұл өңірдің азан-қазанын шығарар еді.

Үшеуі де құрама садақты қолға алды. Анау-мынау садақтың оғына ол алдыра қоймады. Қорамсақтан ұзындау, ұшы ұшқырлы жебелерді суырды. Бауыры ағарып жалтырап жатқан іш пен төтің аралығын көздеді. Ширатылған алақандай енді жолақтар бауыр етегінен басын алып, арқа тұсын көміп кеткен. Сұр жолақпен қызғылт сары ұзын жүн бір-біріне кірісіп, бүйірін соғып жатқан жолбарыстың соншалықты ірілігін де байқатады.

Сауытты қияр өткір айбалтасын да жанындағы кебеже тастың үстіне ыңғайлап қойды.

- А, құдайым, қолдай көр!

Басқалар да сиынып, құрама садақтың тарамысын кере тартты.

Сейтқұл қажы жүрек тұсы осы-ау деп, ішіне дейін тартып біраз дем шығармай тұрды да садақ ұңғысынан қолын босатты. Сонда желді тіле ызындай дыбыс шығырып, он бес қадамдай жердегі жолбарыстың төс астымен барып жүрек тұсына қарыстай кіріп, епелегі жоғары қарап тұрды. Одан соң екі жебе бірдей ақшулан қарынның қуық тұсына жақын жерге барып қадалды.

Жолбарыс төрт аяғын жинап атып тұрды да, қайта теңселе басып құлады. Екеуі жолбарыс басын жұлқа көтергенде орындарынан атып тұрып, кейін ығысып тау қуысына жақындады. Сейтқұл жүрегін тоқтатып, қайта шалқая аяқтары тырия жығылған жолбарысқа екінші жебені тағы атып үлгірді.

Жолбарыстың екі көзі қанталап етегі мөлдірей моншақтап, тал қуысындағы бұларды аңғарып төрт аяғын бауырына тартып, қайта тікейіп, атылмақтай жағын жыртылардай ашып, тісін ақситқанмен, қатар кірген төт жебе бауырын жаздырмады.

Соны аңғарған Сейтқұл айбалтасын оң қолының білегіне бауымен қос байлап, сығымдай ұстап қамыстың күн қалқалаған бетін айналып жақындай түсті. Сол қолында ауыр алмастай ұзын қылыш Сейтқұлдан ұялды ма, екі жолдасы да жақындап келіп тағы да бір-бір жебені алдыңғы қолтықтан жіберді. Сіңірі жыртылғандай сыриып тұрған жолбарыс денесіндегі оқтың зәрін көтере алмай, ауыр салмағымен алдыға қарай омақата құлады. Соны пайдаланған Сейтқұл қақ тұмсықтан айбалтамен бар күшімен шапты. Тұмсықтың мұрын тұсы сүйегімен аударылып, қан шапшыды. Сол кезде қылыш қарынды қиялай кесіп, ішек-қарнын аударып түсірді. Жолбарыс сонда да алып күшін бойына жинап, жауына қарсы тап берердей, ақтық демін жинап орнынан тұрып ұмтылмақ болды. Оған қауқары жетпей, тек басын көтеруге ғана шамасы келді де, дүлей күштің беті қайтып, күйі кете бастады. Қанша күшті болса да айлалы адамдардың торына қапылыста түтіп, тынысы үзіліп бара жатты.

Сейтқұл әп дегеннен жып-жылы төсын айбалтамен қуалай шауып аударып түсірді. Қалыңдығы қарыстай ет пен майға көмілген төстің аумағының өзі адамның бір санындай ұзын.

Үш жігіт бұтарлады. Аттарды жетектеп әкелгенде, жолбарыстың бас мен терісін көрген олар, пысқырынып, денелері дірілдеп, тоңған баладай, тістері қашырлап, бір-біріне тасырлай тиіп тұрды.

- Сөйткен Жалаңтөс жарық дүниеге сол жылдың жеміс-жидкгі түгел пісіп, ағыл-тегіл болып жатқан кезде, қыркүйектің орта шенінде келіп, жөргекке оралды.

Шешесі жолбарыс төсін сонда шикілі-пісілі асыға жеп, қара тер болып, еңсесі түскен самарқау кейпі кетіп, әл жинаған еді. Мына бала